

ББ тізілімі
7R01110 «Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)» білім беру бағдарламасы бойынша резидентура
Оқу мерзімі – 3 жыл

1	Білім беру бағдарламасының атауы	7R01110 «Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)»
2	Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	7
3	Білім облысы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
4	Дайындық бағыты	7R011 Денсаулық сақтау
5	Білім беру бағдарламасының тобы	R017 Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)
6	Білім беру бағдарламасының түрі	Жаңа
7	Даярлау бағытының лицензиясы	2019 жылғы 08 қарашадағы KZ87LAA00017356
8	Білім беру бағдарламасының аккредиттеу	-
9	Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейі	Жоғары медициналық білім, интернатура куәлігінің болуы
10	Білім беру бағдарламасының мақсаты	Қазақстан Республикасының заңнамасына, заманауи клиникалық хаттамаларға, кәсіби стандарттарға және дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес ересектер мен балаларда анестезияны өз бетінше жүргізуге, ауыр жағдайлар мен органдардың жеткіліксіздігін диагностикалауға, реанимациялық шараларды, қарқынды терапияны жүргізуге, ауырсыну синдромын емдеуге және асқынулардың алдын алуға қабілетті «Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)» мамандығы бойынша дәрігерді даярлау.
11	Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	Жоқ
12	Серіктес ЖОО	Жоқ
13	Оқу нәтижелері	ОН1 Ересектер мен балаларға операция алдындағы бағалаудың толық циклін жүргізуге қабілетті: анамнез жинау, клиникалық тексеру жүргізу, зертханалық және аспаптық зерттеу деректерін түсіндіру, тексеру көлемін айқындау, ASA бойынша физикалық мәртебе мен периперациялық тәуекелді бағалау, қарсы көрсетілімдерді анықтау, анестезия әдісін таңдау және анестезиологиялық қамтамасыз етудің жеке жоспарын жасау. ОН2 Ересектер мен балаларға әртүрлі бейіндегі жоспарлы және шұғыл араласулар кезінде жалпы, өңірлік және біріктірілген анестезияны, периперациялық анальгезияны дербес жүргізуге, тыныс жолдарының өткізгіштігін, тамырлық қолжетімділікті, мониторингті, инфузиялық-трансфузиялық терапияны, анестезиядан оятуды, операциядан кейінгі бақылауды қамтамасыз етуге, асқынулардың алдын алуға және емдеуге қабілетті. ОН3 Жас ерекшелігін, жүктілікті, қатар жүретін ауруларды және пациент жағдайының динамикасын ескере отырып, клиникалық, зертханалық және аспаптық деректер негізінде критикалық және өмірге қауіп төндіретін жағдайларды

		диагностикалауға, тыныс алу, жүрек-қантамыр, церебралдық, бүйрек, бауыр және көп ағзалық жеткіліксіздіктің болуын, түрін және ауырлық дәрежесін анықтауға қабілетті. ОН4 Ересектерге, балаларға және жаңа туған нәрестелерге шұғыл көмек көрсетуге, жүрек-өкпе реанимациясын және синдромдық қарқынды терапияны жүргізуге, респираторлық және гемодинамикалық қолдауды, метаболизмдік бұзылыстарды түзетуді, инфузиялық-трансфузиялық терапияны, нутритивтік қолдауды, экстракорпоралдық детоксикацияны қолдануға, емдеу тиімділігі мен сабақтастығын қамтамасыз етуге қабілетті. ОН5 Пациенттермен, олардың заңды өкілдерімен және денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға, пациенттің жағдайы мен емі туралы түсінікті ақпарат беруге, ақпараттандырылған келісім алуға, келісілген шешімдер қабылдауға және медициналық этика, деонтология, құпиялылық пен пациент қауіпсіздігі қағидаттарын сақтай отырып, кәсіпаралық командада жұмыс істеуге қабілетті. ОН6 Медициналық құжаттаманы қағаз және электрондық нысандарда жүргізуге, медициналық ақпараттық жүйелерді пайдалануға, дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге, өз жұмысын жоспарлауға, қызмет көрсеткіштерін талдауға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бейінді бөлімшенің есептілігін қалыптастыруға қабілетті. ОН7 Клиникалық мәселелерді тұжырымдауға, ғылыми деректерді іздеуге, сыни бағалауға және практикада қолдануға, зерттеу этикасының қағидаттарын сақтай отырып зерттеулерге қатысуға, өзінің білім алу қажеттіліктерін айқындауға және өздігінен оқу мен үздіксіз кәсіптік даму арқылы кәсіби құзыреттерін жетілдіруге қабілетті.
14	Оқыту түрі	күндізгі
15	Оқыту тілі	Қазақ, орыс
16	Кредиттер көлемі	210
17	Бағдарламаны іске асыру мерзімі	3 жыл
18	Біліктілігі	Ересектердің, балалардың анестезиолог және реаниматолог дәрігері
19	Маман лауазымдарының тізбесі	Ересектердің, балалардың анестезиолог және реаниматолог дәрігері
20	Кәсіби қызмет саласы	Анестезиология және реаниматология
21	Кәсіби қызмет объектісі	Медициналық және профилактикалық көмек мекемелері

Пәндер туралы мәліметтер:

Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Цикл	Компо нент	Кре дит	Оқу жылы	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері
--------------	----------------------------	------	---------------	------------	-------------	---------------------------------------

						ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7
Бейіндеуші пәндер												
Міндетті компонент		БП	МК	200								
Хирургиялық бейіндегі пациенттерді анестезиологиялық қамтамасыз ету	Пән операция алдындағы бағалаудың толық циклін, ASA бойынша физикалық мәртебені, анестезиологиялық тәуекелді анықтауды және анестезия әдісін таңдауды қамтиды. Жалпы және өңірлік анестезия, назотрахеалдық және қиын интубация, бір өкпелік вентиляция, коникотомия, трахеостомия, тамырлық және артериялық қолжетімділік, инвазиялық мониторинг, периоперациялық инфузиялық-трансфузиялық терапия, ояту және операциядан кейінгі жүргізу дағдыларын қалыптастырады.	БП	МК	34	1,3	+	+		+	+	+	+
Хирургиялық және терапиялық бейіндегі пациенттерде қарқынды терапия	Пән тыныс алу, жүрек-қан тамыр, церебралдық, бүйрек, бауыр және көп ағзалық жеткіліксіздікті, шокты, ЖРДС, сепсисі, аллергиялық, эндокриндік және метаболизмдік бұзылыстарды, трансфузиялық асқынуларды диагностикалау мен олардың ауырлығын анықтауды қамтиды. Жүрек-өкпе реанимациясы, бронхоскопия, мониторинг, инвазиялық емес және инвазиялық ӨЖЖ, инфузиялық-трансфузиялық терапия, энтералдық және парентералдық тамақтандыру дағдыларын қалыптастырады.	БП	МК	34	1,3			+	+	+	+	+
Педиатрияда және неонатологияда анестезиологиялық қамтамасыз ету	Пән балалар мен жаңа туған нәрестелерді операция алдында бағалауды, ASA бойынша мәртебе мен анестезиологиялық тәуекелді анықтауды, жалпы және өңірлік анестезияны таңдауды қамтиды. Бетперделік вентиляция, трахеяны интубациялау және экстубациялау, УДЗ-навигациямен тамырлық қолжетімділік, мониторинг, дәрі-дәрмек дозаларын есептеу, инфузиялық-трансфузиялық терапия, ояту және анестезиядан кейінгі бақылау дағдыларын қалыптастырады.	БП	МК	34	2,3	+	+		+	+	+	+
Педиатрия мен неонатологиядағы қарқынды терапия	Пән балалар мен жаңа туған нәрестелердегі критикалық жағдайларды диагностикалауды, орган жеткіліксіздігінің ауырлығын анықтауды, асфиксия, апноэ, ЖРДС, шок, сепсис, құрысулар және көп ағзалық жеткіліксіздік кезіндегі қарқынды терапияны қамтиды. Реанимация, респираторлық және гемодинамикалық қолдау, метаболизмдік бұзылыстарды түзету, инфузиялық	БП	МК	34	2,3			+	+	+	+	+

	терапия, нутритивтік қолдау, тиімділікті бағалау және емдеу сабақтастығын қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастырады.											
Акушерия және гинекологиядағы анестезия және қарқынды терапия	Пән операция алдындағы бағалауды, босануды жансыздандыруды, кесарь тілігі мен гинекологиялық операциялар кезіндегі жалпы және өңірлік анестезияны, инфузиялық-трансфузиялық терапияны қамтиды. Преэклампсия, эклампсия, акушерлік қан кету, геморрагиялық шок, амниотикалық сұйықтық эмболиясы, сепсис және басқа критикалық жағдайларды диагностикалау мен қарқынды емдеу, ана мен ұрық қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастырады.	БП	МК	14	2	+	+	+	+	+	+	+
Нейрохирургия мен неврологиядағы анестезия және қарқынды терапия	Пән бас және жұлынға жасалатын операциялар кезіндегі анестезияны және критикалық неврологиялық жағдайлардың қарқынды терапиясын қамтиды. Нейромониторинг, церебралдық перфузияны, вентиляция мен гемодинамиканы қолдау, бассүйек-ми және жұлын жарақатын, бассүйекішілік гипертензияны, ми ісінуін, инсультті, құрысуларды, нейроинфекциялар мен сана бұзылыстарын диагностикалау және емдеу дағдыларын қалыптастырады.	БП	МК	11	1	+	+	+	+	+	+	+
Кардиохирургиядағы анестезия және қарқынды терапия, перфузиология	Пән кардиохирургиялық араласуларды анестезиологиялық қамтамасыз етуді, тамырлық қолжетімділікті, инвазиялық мониторингті және операциядан кейінгі қарқынды терапияны қамтиды. Анестезиологтың жасанды қан айналымына дейінгі, оның барысындағы және кейінгі пациентті жүргізу міндеттерін, перфузиологтың аппарат пен перфузия параметрлерін басқару міндеттерін ажыратады. Гемодинамикалық, респираторлық және метаболизмдік қолдау дағдыларын қалыптастырады.	БП	МК	11	3	+	+	+	+	+	+	+
Кардиологиядағы қарқынды терапия	Пән жедел коронарлық синдромды, жүрек жеткіліксіздігін, кардиогендік шокты, аритмияларды, өткізгіштік бұзылыстарын, гипертониялық кризді және тромбоэмболиялық жағдайларды диагностикалау мен қарқынды емдеуді қамтиды. ЭКГ тіркеу және түсіндіру, гемодинамикалық мониторинг, электр-импульстік терапия, уақытша электрокардиостимуляция, базалық және кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы, емдеу тиімділігі мен медициналық көмек сабақтастығын бағалау	БП	МК	9	2			+	+	+	+	+

	дағдыларын қалыптастырады.											
Жақ-бет хирургиясындағы, стоматологиядағы және оториноларингологиядағы, офтальмологиядағы анестезия және қарқынды терапия. Амбулаториялық анестезиология	Пән бейінді араласуларды анестезиологиялық қамтамасыз етуді қамтиды. Назотрахеалдық және фиброоптикалық интубация, қиын тыныс жолдарын басқару, седация және амбулаториялық анестезия дағдыларын қалыптастырады. Пациенттерді іріктеуді, периоперациялық мониторингті, анестезиядан кейінгі бақылауды, қалпына келуді бағалауды, ауырсынуды емдеуді және қауіпсіз шығару критерийлерін қолдануды қамтиды.	БП	МК	7	1	+	+	+	+	+	+	+
Жұқпалы аурулардың қарқынды терапиясы	Пән ауыр инфекцияларды, сепсисті, сепсистік шокты және көп ағзалық жеткіліксіздікті диагностикалау мен қарқынды емдеуді қамтиды. Микробиологиялық зерттеу, микробтарға қарсы терапия, респираторлық және гемодинамикалық қолдау, жеке қорғаныш құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастырады. Инфекциялық бақылауды, медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың және микробтарға қарсы төзімділіктің алдын алуды зерделейді.	БП	МК	6	2			+	+	+	+	+
Жедел улану кезіндегі қарқынды терапия, эфферентті медицина	Пән жедел улануларды диагностикалауды, токсикокинетиканы, токсикодинамиканы, антидоттық және синдромдық қарқынды терапияны қамтиды. Өмірлік маңызды функцияларды қолдау және гемодиализ, гемофльтрация, гемосорбция, плазмаферез және басқа экстракорпоралдық детоксикация әдістерін көрсетілімдері, қарсы көрсетілімдері, шектеулері, асқынулары, тиімділігі мен қауіпсіздігін ескере отырып қолдану және емдеу сабақтастығын қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастырады.	БП	МК	6	1			+	+	+	+	+
Таңдау бойынша Компонент		БП	ТК	8	3							
Мультипараметрлік мониторинг және дербестендірілген қарқынды терапия	Пән гемодинамика мен респираторлық функцияның инвазиялық және инвазиялық емес мультипараметрлік мониторингін қолдану көрсетілімдері мен шектеулерін қамтиды. Алдын ала жүктеме, жүректің минуттық көлемі, тіндік перфузия, газ алмасу және тыныс алу механикасы көрсеткіштерін алу және түсіндіру, қарқынды терапияны бағалау және дербестендіріп түзету үшін өкпе УДЗ-сын	БП	ТК	8	3			+	+	+	+	+

	және электроимпеданстық томографияны қолдану дағдыларын қалыптастырады.											
Анестезиология және қарқынды терапиядағы кеңейтілген ультрадыбыстық диагностика	Пән анестезиолог-реаниматолог тәжірибесінде ультрадыбыстық технологияларды қолдану дағдыларын жетілдіруге бағытталған. POCUS, eFAST, BLUE және RUSH хаттамаларын, жүректің, өкпенің және қан тамырларының ультрадыбыстық бағалануын қамтиды. Жүректі, өкпені және қан тамырларын бағалау, әдістердің шектеулері мен нәтижелерін түсіндіру, деректерді клиникалық шешімдерге біріктіру және емдеу тиімділігін бақылау дағдыларын қалыптастырады.	БП	ТК	8	3	+	+	+		+		
Анестезиология және реаниматологиядағы дәлелді медицина және клиникалық зерттеулер	Пән құрылымдалған клиникалық сұрақтарды тұжырымдау, халықаралық дерекқорлардан ақпарат іздеу, дәлелдемелерді сыни бағалау және қолдану дағдыларын қалыптастырады. Зерттеу дизайнын, биостатистика, жүйелі шолулар және зерттеу этикасы негіздерін қамтиды. Зерттеулерді жоспарлау, деректерді жинау және талдау, нәтижелерді түсіндіру, визуализациялау, ауызша және жазбаша ұсыну дағдыларын қалыптастырады.	БП	ТК	8	3						+	+
Аралық аттестаттау		АА			1-3							
Қорытынды аттестаттау		ҚА		2	3							
Барлығы				210								